

*қартлар йокы ярата*». Бұл жерде де қарттық пен жастықты суреттеу арқылы халықтың таным-түсінігінен хабардар етіп отыр.

Туысқан екі халықтың да мақал-мәтелдерін қарап отырсақ, қарсы мәнді ұғымдардың ауқымы өте кең. Десе де, соның арасындағы ең басты ұғым – жақсылық пен жамандық десек болады. Өйткені осы хақындағы мақал-мәтелдер өте көп. Мысалы, біздің айтып жүрген *«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат», «Жақсы көргенін айтады, жаман бергенін айтады», «Жақсыны сыйласаң есіңнен кетпейді, жаманды сыйласаң есігіңнен кетпейді», «Жақсы тауып айтады, жаман қайып айтады»* сынды тағы басқа мақал-мәтелдеріміз жақсы мен жаманның ара-жігін ажыратып, жақсыға үйір болуға тәрбиелейді. Ал, татар халқы да мұндай даналық сөздерге бай халық. Мысалы, *«Яхшы әсыяр, яман әсуяр», «Яхшы белән юлдаш булсаң, эшең бетәр, яман белән юлдаш булсаң, башың бетәр», «Яхшыдан өйрән, яманнан жирән»* мақал-мәтелдері. Татар халқының көптеген мақал-мәтелдерінде жақсылықты жамандыққа қарсы қою идеясы кездеседі. Ұлттық-мәдени ерекшеліктерді зерттеудегі мақал-мәтелдердің рөлін зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерінде жақсылықтың сипаты жайлы баяндалады.

Жалпы айтқанда, осы мақал-мәтелдердегі айтылатын негізгі ойдың басым бөлігі, ойдағы басты нәрсені көрсету қарама-қарсы ұғымдарды нақты сипаттаумен, оларды салыстырумен байланысты айқындалады.

Халық ауыз әдебиеті халық өмірінің айнасы деп бағаласақ, оның ішінде мақал-мәтелдер қазақ және татар сияқты туыс халықтардың тұрмыстық және мәдени тұрғыда жақындығын танытады. Екі халықтың мақал-мәтелдерін зерделей келе, олардың бастан кешкен ұқсас тағдыры, лингвомәдени ерекшеліктері айқын көрініс табатынын байқадық. Соның ішінде қарама-қайшы ұғымдарды салғастыра отырып, ізгілікке баулитын мақал-мәтелдер талданып, сараланды. Бұл барлық түркі жұртына ортақ үлкенді сыйлау, ұлттық танымның көрінісі деп бағалаймыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 409 б.
2. Алтынсарин Ы. Қырғыз хрестоматиясы. – Орынбор, 1879. – 111 б.
3. Катаринский В. Памятная книжка Тургайской области. – Оренбург, 1899. – 158 с.
4. Бадигъ Х. Халық әдәбияты. Мәкальләр. I төп. I бүлек. Қазан, 1912. – 83 б.
5. Исанбет Н. Татар халық мәкальләре: кереш мәкалә һәм аңлатмалар белән (Татарские народные пословицы: со вступительной статьей и объяснениями): в 3-х т. Казань: Татарское книжное издательство, 2010. Т. 1. 568 с.
6. Ысқақов Б.Ы. Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976. – 175 б.

ӘОЖ 82.09.2

## **МИФТИК ТАНЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҰРАТ**

**Төлеу Зинат**

[toleuzinat0401@gmail.com](mailto:toleuzinat0401@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова

«Мәңгілік Ел» мұраты қазірдің өзінде елді біріктіруші күшке, ұлттық идеологияға, рухани құндылығымызға айналды. Бұл идеологияның түпқазығы халқымыздың тарихы мен руханиятының терең қойнауында жатыр, мұны халық ауыз әдебиетінің ең ертедегі үлгілері миф, аңыз және ертегілердегі мәңгілік ел болу арман-мұратынан көре аламыз. Ежелден сайын сахарада салтанат құрған халқымыз еркіндікті, бейбітшілікті сүйді және оны бағалай білді. Түрік қағанаты және Хандық дәуіріндегі ел билеген қағандар, абыздар, хандар өз елінің тұтастығы мен еркіндігін барынша қорғады, оған әркез қырағылық танытты. Көшпелілер өздерінің рухани мәйегі болған «Жаратушы тәңір біреу», «Тәңір киесіне қалу адамзатты ақырзаманға апарды» деген ұстаным аясында ел бірлігін сақтаған.

Қазақ ертегілерінің тәрбиелік мәні зор екені бұрыннан белгілі. Енді осы ертегілердің өн бойына сіңірілген Мәңгілік Ел мұратын халықтың санасына құю маңызды деп санаймыз.

Адамзат өркениет тарихындағы күні кеше ғана пайда болған кино, теледидар, компьютер секілді заманауи құрылғылар адамдарды аңыз, ертегі тыңдау, оқу сынды тамаша дағдыдан шеттетіп тастағаны болмаса, аңыз, ертегілер неше мың жылдар бойы адамзаттың ең басты рухани құндылығының бірі болып келгені белгілі. Әсіресе жазу мәдениеті кенже қалған қазақты қамтыған түркі ұлыстары сынды көшпелі ел-жұрттың бар болмысы, тарихы, тыныс-тіршілігі, арман-мұраты өзінің бай ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болды. Сол арман-мұраттарының ішінде адамның ең түпкі, ең асқақ мұраты тыныш, бейбіт, бай-бақауатты өмір сүру, ал ондай өмірдің кепілі ел іргесінің бүтін, бейбіт болуы. Бұл жер шарындағы бар ұлысқа тән жалпы адам баласысының ортақ мұраты. Әлем халықтары сияқты қазақ халқының осы асқақ мұраты да өзінің бай ауыз әдебиетінде, соның ішінде бағзы заманғы мифтерінде көрініс табады.

Қазақ ертегілерінің пайда болып қалыптасу тарихы ертеден бастау алады. Оның тамыры — алғашқы қауымда туған мифтер, әпсаналар, хикаяттар, әр түрлі аңыздар. Өзінің қалыптасу барысында ертегілер осы жанрлардың ерекшеліктерін бойына сіңірген. Ертегі - халықтың асыл мұрат, асқақ армандарына бай жанр.

Миф — әлем халықтарына ортақ жанр, мифке берілетін анықтамалар өте көп және жан-жақты. Миф — көне аңыз, әңгіме; тарихи-мәдени сананың ерекше күйі. Ежелгі мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік (символдық) мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінуіне ықпал етті.

Миф - ақиқаттың да қайнар көзі. Әр ұлыстың өзіндік мифтері болған, әлемдегі аңыздардың көбі Грек мифологиясынан келген деген пікір бар. Жершарындағы тіршілік көздері алдымен пайда болып өркениет ошағы саналған бірнеше өзен аңғарлары (Ніл, Қосөзен аталған Тигр-эфрат өзендері, қытай жеріндегі Хуанхэ) жағалауын мекендеген ежелгі ұлыстар — шумерлер, аккадтар, үнділер, ежелгі қытайлардың мифтері болған және ескі жазу үлгілерімен бүгінге жеткен. Ал көшпенді халықтардың мифтері қағаз бетіне түсірілмей, фольклорында сақталған.

Көшпенді халықтардың бір бұтағы саналатын қазақ ұлтының мифі - алғашқы рулық қауымның қасиетті деп саналған құпия әңгімесі мен шежіресі. Оны сол кезде әркімге және әр жерде айта бермеген. Мифте дүниенің жаратылуы мен аспан әлемі жайында, тайпаның тотемдік бабасы, ілкі ата мен жасампаз қаһармандар және олардың іс - әрекеттері фантастикалық сипатта баяндалған. Алайда уақыт озып, адамдардың сана-сезімі жетілген сайын миф бұрынғы «қасиетті» сипатынан айрылып, бірте-бірте хикаятқа, одан ертегіге айналған.

Әрине жер шарындағы әр ұлыстың өзінің пайда болу тарихы мен жасаған ортасына қарай туындатқан мифтерінің сарыны, ерекшелігі әртүрлі болған. Құлдық дәуірді бастан кешкен отырықшы елдердің мифтік аңыздары белгілі жүйеге түсіп, циклденген, олардың мифінде көп құдайлар өмір сүрген. Ал рулық-тайпалық деңгейден төте феодалдық қоғамға өткен көшпенді халықтардың мифі салыстырмалы түрде әлі толық жүйеленбей тұрып, ыдырай бастаған немесе ертегіге айналған. Мұны М.Әуезов, С.Қасқабасов сынды ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп көрсетеді: «Біздің қазақ фольклоры тұрғысынан қарағанда миф деп отырғанымыз - әлемдік

мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипатымен оған сәйкес келетін, дүниенің, жаратылыстың әртүрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуы, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлық ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар» [1; 65].

Мәңгілік ел мұраты- аса кең мағынаны қамтитын антропологиялық идея. Ол жердегі тіршілік иелерінің жаралғаннан қазірге дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігімен, ой-арманы, мақсат-мүддесімен қабысып жатады, әрі өмірдің айнасы болған көркем туындыларында әр қырынан бейнеленеді және сол туындылар арқылы адамдарды тәрбиелеп, алға қарай жетелейді. Яғни осы асқақ мұрат ежелден қазірге дейін тек мәңгілік ұғымдармен: ізгілікпен, жанқиярлық рухпен, жеңімпаздықпен, адалдықпен, ақиқатпен тағы осы сияқты болмыста орныққан гуманистік құбылыстармен егіз болып келді. Бұл ұғымдар сонау әлемнің жаралуы, адамның өмірі мен өлімі, аспан денелері мен тау-тастың қалыптасуы, аң-құстардың жаратылысы, тіпті кейінгі батырлар жайлы аңыздарда бейнеленді. Мұны ғалымдар пікірінен көреміз: «... мысалы, қазақ ертегілерінде кездесетін мифтерде «өлі», «тірі» деген ұғымдар бөлектенбейді, мифтік сананың алғашқы кезеңіне тән мұндай өлі мен тірінің бірлігі, толық теңдестігі (тождество) дүние өмірбақи (мәңгі) болады деген түсінік туғызған. Із-түзсіз ештеңе жоғалып кетпейді. Өлім - алғашқы жағдайға қайтып келу. Қазақтың «кісі өлді» дегенді «қайтыс болды», «қайтты» деп айтуының түбірінде осы түсінік жатыр. Ажал ол да өмір, бірақ басқаша өмір. Өлген адам жоғалды деп саналмай, ол басқа өмірге көшті, алғашқы өзінің түсіне қайтып келді деп түсінген [2; 70].

Сол сияқты Темірқазық, Жетіқарақшы жұлдыздарының басқа жұлдыздардан өзгеше болмысын өз тіршілігіне байланыстыра зерттеген көшпелілер жұрттың малын ұрлауды көздеген қарақшылардың түнімен торуылдап, күндіз тығылып қалуы, екі батырдың тұлпарларын (Ақбозат пен Көкбозат) темірқазыққа байлап қойып, Жетіқарақшыны мәңгі аңдуы туралы әдемі аңыздар тудырған. Қазғұрт тауындағы тасқа айналған қырық қыз жайлы мифте ұлттық құндылығымыз жатыр. Серуен кезінде тосыннан жаугершілікке жолыққан байдың қызы өз арнамысын мәңгілікке қорғап қалу үшін тәңірден қырық нөкерімен бірге тасқа айналдыруын тілеген. Тіпті батырлық ертегілердің ежелгі нұсқаларындағы қаһарман өзіне лайықты жар табу үшін әлемді шарлап, көптеген қиындықтарды жеңіп, арман-мұратына жетуі ұлтымыздың бүгінге дейін жалғасқан жеті атаға толмай қыз алыспау ұстанымымен астасып жатыр. Сонда елін, жерін қорғаған батырлардың жауды, апатты жеңіп, ұрпақтан ұрпаққа ұласқан бейбіт өмір кешкені туралы аңыздарды да халықтың мәңгілік ел құру арман-мұратының бір көрінісі деуге болады.

Сөзімізді түйіндесек, жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ілгері дамуымыз үшін өзімізде бар өркениет мұраларымызды бағамдап, замана талабына сай пайдаланып, келешек ұрпақ кәдесіне жарату осы ізденісіміздің мақсаты болмақ.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. - 272 б.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4 т. – Алматы: Ғылым, 2001. - 456 б.

ӘӨЖ 801

#### **КЕЙБІР КҮРДЕЛІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ТИПТЕРІ МЕН ҮЛГІЛЕРІ**

**Хусаинова Нургуль Ергазиевна**